**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**БЕКІТІЛДІ**
**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ Басқарманың**
**2021 жылғы 28 маусымдағы**
**№ 18 хаттама шешімімен**

# ЕРЕЖЕ

# «МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ» КеАҚ-ның ӨЗ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

| Коды | Басылым | Құрастырған |
|---|---|---|
| Е БҚМУ 49 | Бесінші | Таутанова А.К.<br>__________<br>24 06 2021 ж. |

**Ақтөбе, 2021**

## ТҮСІНІКТЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай түсініктер мен қысқартулар қолданылады:

УҒҰ – Уақытша ғылыми ұжым;

ҒЖД – Ғылыми жұмыстар жөніндегі департамент;

ЭжЖД – Экономика және жоспарлау департаменті;

Университет – «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

БҒССҚК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті;

ҒЗЖ – Ғылыми-зерттеу жұмысы;

ПК – Проблемалық комиссия;

ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ҚР ДСМ ДСДРО – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Университет) профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) және жұмыскерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына (бұдан әрі - ҒЗЖ) гранттық қаржыландыру байқау туралы Осы ереже мыналарды: ҒЗЖ орындау үшін грант алуға арналған байқауды (бұдан әрі – байқау) өткізуге қойылатын негізгі талаптарды, байқауға қатысуға өтінімді (бұдан әрі – өтінім) дайындау және беру тәртібін, іріктеу жұмыстарының және жеңімпазды анықтау критерийлерін, грантты төлеу тәртібін және грантты алушылардың жауапкершілігін белгілейді.

1.2. Университет Жарғысына сәйкес (3-тарау, 13-тармақ, 6-тармақша) белгілейді.

1.3. Осы Ереже «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңына (31.03.2021 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен) және Университеттің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес жасалды.

1.4. Барлық қатысушылар үшін «Академиялық адалдық саясаты», ар-намыс Кодексі ережесі және университет білім алушыларының академиялық адалдық саясаты басты басшылыққа алынады.

1.5. Ғылыми гранттарды алуға арналған байқауды өткізудің мақсаты университеттің ПОҚ мен жұмыскерлерінің ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру және қолдау, ғылымға қызығушылықты арттыру, инновациялық мәдениетті қалыптастыру, оны зерттеу қызметіне тарту, ЖОО-ның ғылыми қызметіне қосу, қазіргі қоғам жағдайында тұрақты ғылыми-инновациялық ортаны қалыптастыру болып табылады.

1.6. ЖОО гранттары байқау негізде беріледі және жекелеген оқытушылардың, жұмыскерлердің, докоранттардың, магистранттардың, шетелдік қатысушылардың, бөгде ұйымдар мен шағын ғылыми топтардың (уақытша ғылыми ұжымдардың – УҒҰ) белгілі бір уақыт кезеңінде ЖОО ғылыми қызметінің негізгі бағыттары бойынша әртүрлі ғылыми және қолданбалы проблемаларды әзірлеу жөніндегі ғылыми қызметін қаржыландыруға арналады.

1.7. Гранттардың көлемі, қаржыландыру көзі, олардың саны, сондай - ақ байқауды өткізу мерзімі университеттің Басқарма төрағасы-Ректорының бұйрығымен айқындалады.

1.8. Проблемалық комиссия (бұдан әрі-ПК): байқаудың барлық қатысушылары үшін тең жағдайларды, бағалаудың объективтілігін, байқау нәтижелері туралы мәліметтерді олар ресми жарияланған күннен бұрын жариялауға жол бермеуді қамтамасыз етеді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді тоқтату, өзгерту, тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды, байқау өткізу тәртібі туралы өзге де шешімдер қабылдайды.

1.9. Осы Ережені іске асыру және ұйымдастыру жөніндегі негізгі функцияларды университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі департаменті (бұдан әрі – ҒЖД) жүзеге асырады.

1.10. ҒЗЖ қаржылық есептеулерін жүргізу бойынша негізгі функцияларды университеттің Экономика және жоспарлау департаменті (бұдан әрі – ЭжЖД) жүзеге асырады.

## 2. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. Гранттар байқаулық негізде беріледі. Университетте ҒЗЖ орындау үшін грант алу байқауы Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығына сәйкес жыл сайын келесі бағыттар бойынша өткізіледі: биотехнология, биомедицина, өмір туралы ғылым және медицина, медициналық білім. Гранттар алуға нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған және Университетте және жалпы Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) Денсаулық сақтау жүйесінде Ғылым мен медициналық білім беруді дамытуға елеулі үлес болып табылатын ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми және практикалық міндеттерді қою мен шешудегі өзіндік даралығымен ерекшеленетін әдістемелер мен технологияларды әзірлеуге арналған жобалар ұсынылады.

2.2. Байқауға өтінімдерді қабылдаудың басталуы туралы бұйрық барлық ПОҚ, жұмыскерлер мен білім алушыларға documentolog, кафедралар, департаменттер, бөлімшелер арқылы, сондай-ақ

университет сайтына (http://www.zkmu.kz) орналастыру және басқа да ақпарат көздері арқылы жеткізіледі.

2.3. Гранттық ҒЗЖ байқауын ұйымдастыру және іске асыру келесідей қызметтерді жүзеге асыратын ҒЖД-не жүктеледі:

- 2.3.1. байқау туралы хабарландыру және ПОҚ мен жұмыскерлерді байқаудың барлық кезеңі ішінде ақпараттық қолдау;
- 2.3.2. осы Ереженің 4-тармағына сәйкес өтінімдерді қабылдау:
- 2.3.3. ПК мүшелері мен тәуелсіз рецензенттердің өтінімдерді қабылдауы және сараптамасын ұйымдастыруы;
- 2.3.4. Байқау қорытындысын шығару;

2.4. Әрбір қызметкер осы байқау шеңберінде университетте өткізілетін 1 жобаға ғана қатыса алады.

## 3. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ӨТІНІМДЕРДІ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

3.1. Байқау 4 кезең бойынша өткізіледі: 1-кезең – өтінімдерді қабылдау және техникалық сараптама; 2-кезең – өтінімдерді қарау және ПК мүшелерін чек-парақ бойынша бағалау; 3-кезең-тәуелсіз рецензиялау; 4-кезең – ПК жабық отырысында дауыс беру және гранттарды тағайындау.

3.2. Байқауға қатысу үшін осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жоспарланған жұмыс туралы өтінімді ұсыну қажет. Ережеге және талапқа сәйкес келмейтін өтінімдер 1-кезеңде – ресми тексеруде қабылданбайды.

3.3. Техникалық сараптамадан өткен өтінімдер 2-кезеңге ПК қарауына жіберіледі. ПК осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес ҒЗЖ бағалау чек-парағында құрылымдалып, қаралатын мәселе бойынша жабық отырыста шешім қабылдайды. Өту балын (65 балл) жинамаған өтінімдер қабылданбайды.

3.4. Өту балын жинаған өтінімдерді тәуелсіз (ішкі немесе сыртқы) рецензенттер үш рет құпия рецензиялаудан өтеді – 3 кезең. Алынған рецензиялар ұсынымдық сипатқа ие, ал соңғы шешімді ПК қабылдайды.

3.5. Тәуелсіз рецензенттер тобын қалыптастыру ҒЖД жетекшісіне жүктеледі. Рецензенттермен қызметке және ғылыми гранттарды жарияламау және үшінші тұлғаларға беру туралы шарттар жасалады. Рецензиялау қызметіне ақы төлеу 1 (бір) конкурсқа университеттің өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

3.6. Рецензенттер өздері ұсынған қорытындылар үшін дербес жауапты болады.

3.7. ПК мүшелері мен рецензенттер байқауға ұсынылған жұмыстарды қарау кезінде басымдылықтар алуға бағытталған кез-келген әрекеттер туралы хабарлауға міндетті.

3.8. Байқауға ұсынылған жұмыстар бойынша рецензенттердің барлық қорытындылары ПК комиссиясының төрағасына беріледі. Комиссияның тыңдауына кемінде екі оң рецензия алған жұмыстар өтеді.

3.9. Байқаудың 4-кезеңіне өткен ҒЗЖ талқылау ПК отырысында өтеді, оның барысында ҒЗЖ мен УҒҰ әлеуеті, жобаның шынайылығы, грант берушінің ресурстық мүмкіндіктері мен пайдалары бағаланады және Комиссия мүшелерінің дауыс беруі арқылы қаралатын мәселе бойынша жабық отырыста шешім қабылдайды. Егер бірдей балл немесе даулы жағдайлар болса, ПК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.10. 4-кезең бойынша ПК отырысының нәтижелері бойынша хатшы жалпы хаттама жасайды, онда бағалаудың әрбір критерийі бойынша барлық сарапшылар қойған, барлық сарапшылар толтырған чек-парақтар бойынша әрбір конкурстық жұмыстың орташа балы көрсетіледі, сондай-ақ әрбір жұмыс бойынша дәлелді қорытынды беріледі.

## 4. ӨТІНІШ БЕРУШІЛЕР МЕН ӨТІНІМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1. **Өтініш берушілерге қойылатын талаптар:**

➢ байқауға университеттің ПОҚ, докторанттары, магистранттары және басқа да жұмыскерлері ұсынатын шарттық қатынастармен нығайтылған жобалар қатысуға жіберіледі, сондай-ақ жобаға университеттің Жарғысына сәйкес практикалық денсаулық сақтау, басқа да медициналық білім беру ұйымдарының және әртүрлі елдер мен шетел азаматтарының ғылыми-зерттеу орталықтарының өкілдері қатыса алады (3-тарау, 13-тармақ,3-тармақша).

4.1.1. ҒЗЖ ғылыми жетекшісі мынадай ең төменгі біліктілік талаптарына сәйкес болуы және сәйкес келуі тиіс:

- философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/кандидаты)бар;

- жоба жетекшісінің ғылыми зерттеу саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуі тиіс;

4.1.2. Жоба жетекшісінің соңғы 5 жылда зерттеу (жоба) бағыты бойынша мынадай жарияланымдары болуы тиіс:

- *іргелі зерттеулер үшін:* Web of Science дерекқорында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе)шолу;

қолданбалы *зерттеулер үшін:* Web of Science дерекқорында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе)шолу;

- Web of Science дерекқорында индекстелетін және (немесе) Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына енгізілген Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі және кемінде 1 (бір) патенті бар рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір)мақала немесе шолу;

4.1.3. Шетелдік азаматтардан және (немесе) жобаның жетекшілік ететін жетекшісінің бөгде ұйымдарынан Ережеге сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынылған жағдайда университеттен ПК тағайындалады.

4.1.4. Жоба жетекшісін қоса алғанда, жобаның УҒҰ (бұдан әрі – уақытша ғылыми ұжым) жалпы саны 10 (он) адамнан аспайды, оның ішінде қосалқы персонал мен білім алушылардың 3 (үш) адамына дейін.

4.2. **Байқауға қатысуға өтінімнің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар.**

➢ Байқауға қатысуға өтінім мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде 2-қосымшаға сәйкес жасалады. Өтінім мәтінінің мазмұны 3 (үш) тілде бірдей болуы тиіс. Әртүрлі тілдерде жасалған мәтіндер алшақтығы болған жағдайда мемлекеттік тілде дайындалған мәтін артықшылық күшке ие болады. Шетелдік азаматтардан және (немесе) бөгде ұйымдардан ағылшын тілінде берілген өтінімдер Ережеге сәйкес орыс немесе мемлекеттік тілде ұсынылуы тиіс.

➢ Өтінім жобаның іске асырылу мерзімі – 12, 24, 36 ай туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

➢ Ғылыми жетекшіні қоса алғанда, зерттеу тобының барлық мүшелерінің жалақысының (салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді қоса алғанда, еңбекке ақы төлеудің) жалпы қоры жылдар бойынша және жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі үшін сұратылып отырған қаржыландырудың жалпы көлемінің 60 (алпыс) %-ынан аспауға тиіс.

➢ Бөгде ұйымдардың (үшінші тұлғалардың) қызметтеріне арналған шығыстар жылдар бойынша және жобаны іске асырудың бүкіл кезеңі үшін сұратылатын қаржыландырудың жалпы көлемінің жиынтығында 20 (жиырма) % - ынан аспауға тиіс.

➢ Өтінімдер академиялық және зерттеу этикасының қағидалары мен нормаларына сәйкес келуі тиіс.

➢ Мәлімделген реактивтерді, шығыс материалдарын, жабдықтарды (университеттің зертханалары мен кафедраларын жабдықтау үшін көзделген), кеңсе тауарларын және т.б. сатып алу бойынша үш түрлі ұйымнан 3 коммерциялық ұсыныс ұсынылуы тиіс.

4.3. **Байқауға келесі өтінімдер жіберілмейді:**

- өтінімді ресімдеудің осы Ереженің 4-тармағына сәйкес байқаулық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі;
- осы Ереженің 8-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттардың толық көлемде ұсынылмауы;
- заңсыз шеттен алып пайдалану (плагиат), тақырыпты қайталау фактілерінің болуы;
- ғылыми жетекшінің байқаулық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі;
- байқауға қатысуға өтінімде жобаның күтілетін нәтижелерінің осы Ереженің 4.6-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;
- жарияланған мерзімнен кейін байқауға түскендер.

4.4. Өтінім берушілер жобаны іске асыру үшін сатып алынатын материалдар мен қажетті қызметтердің тізімін сатып алу бөліміне ұсына отырып, өтінім бергенге дейін ЭжЖД-не жобаның бюджеті мен сметасын алдын ала бекіту рәсімінен өтеді және ЭжЖД мәлімделген реактивтерді, шығыс материалдарын, жабдықтарды (университеттің зертханалары мен кафедраларын, университеттегі кеңсе тауарларын және т.б. жарақтандыру үшін көзделген) сатып алу бойынша одан әрі бақылауды жүзеге асырады. Шетелдік азаматтардан және (немесе) бөгде ұйымдардан түскен өтінім қаралған жағдайда жобаны алдын ала есептеу процесін Орындаушының ұйымында жүргізеді.

4.5. Орындалған ҒЗЖ нәтижелері ПК отырыстарында, университеттің ғылыми конференцияларында, республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалады және талқыланады.

4.6. **Ғылыми жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар**:

- ***Биотехнология, биомедицина, өмір туралы ғылым және медицина, медициналық білім саласындағы салалар үшін:***

- Web of Science базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала және (немесе) шолу;

- Web of Science базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу және Derwent Innovations Index (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына енгізілген кемінде 1 (бір)патент;

- сондай-ақ БҒССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік немесе отандық басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

- Web of Science базасындағы 1 (бірінші) және (немесе) 2 (екінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 65 (алпыс бес) болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу;

- Web of Science базасындағы 1 (бірінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 80 (сексен) болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу.

- **Ғылыми жобалар үшін қосымша:**

- Web of Science және (немесе) Scopus деректер базасында индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымдардағы монографиялар, монография тараулары;

- ҚР ДСМ ДСДРО арқылы бекітілген әдістемелік ұсынымдар, монографиялар, қорғау құжаттары (клиникалық хаттамалар, патенттер, авторлық куәліктер және т.б.);

- Web of Science және (немесе) Scopus деректер базасында индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымдарда тезистерді жариялаумен халықаралық конференциялардағы баяндамалар;

- Алынған нәтижелерді коммерцияландыру;

- бекітілген оқу бағдарламасы, енгізілген технология, әзірленген жұмыс оқу бағдарламалары, Жол карталары, білім беру әдістемесін тіркеу куәлігі және т.б.;

- қоғамдық денсаулық сақтау бойынша - зерттеу хаттамалары, әдістемелік ұсынымдар, стандарттар, енгізу және басқалар;

- жобалар бойынша барлық есептер, қол жеткізілген нәтижелерді қоса алғанда, шеттен алып пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйесінде (платформасында) тексерілуі тиіс. Жүргізілген тексеру туралы мәліметтер есептерде көрсетілуі тиіс;

## 5. БАЙҚАУ БЮДЖЕТІ

5.1. Байқаулық іріктеуден өткен өтінімдер университетттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады.

5.2. Конкурсқа қатысатын жобалардың саны шектелмейді.

5.3. Өтініш беруші 1-ден артық емес өтінім беруге құқылы.

5.4. Жалғасатын гранттық жоба кезінде бір тұлғадан жаңа жобаға екінші өтінім қабылданбайды.

5.5. ПК оң шешім қабылдағаннан кейін және Ғылыми кеңесте грант тағайындау туралы нәтижелер жарияланғаннан кейін осы Ережеге сәйкес УҒҰ құру туралы Басқарма төрағасы – Ректордың бұйрығы ресімделеді.

5.6. Грант қаражаты күнтізбелік жоспарға сәйкес жыл бойы пайдаланылады.

5.7. Гранттық қаржыландыру қаражатын жобаның ғылыми жетекшісі бөледі.

5.8. Грант қаражатын оның иегері ғылыми зерттеуді орындау үшін, оның ішінде ғылыми жетекшінің, орындаушылардың жалақысы мен білім алушылардың стипендиясы, іссапар шығыстарын төлеу, ғылыми-техникалық іс-шараларға (конференцияларға, семинарларға, көрмелерге және т.б.) қатысу үшін ұйымдастыру жарналары, мақалаларды жариялау, зерттеу нәтижелерін ресімдеу (екінші, үшінші әзірлемелер, қорғау құжаттары), материалдарды, реактивтерді, жабдықтарды сатып алу (Жобаны іске асыру үшін университеттің зертханалары мен кафедраларын жарақтандыруға көзделген) пайдаланылуы тиіс. Рецензияланатын Scopus және Web of Science халықаралық базаларында жариялауға шығындарды енгізу кезінде университет авторлары одан әрі ақшалай көтермелеуге үміткер болып табылмайды .

5.9. Ғылыми басылымдарда толық мәтінді мақалаларды жариялаған кезде грант иелері бұл зерттеу "Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті" КеАҚ қаржыландыратын жоба аясында жүргізілгенін көрсетуі қажет.

5.10. Өтінім беруші мен жоба жетекшісі гранттық қаржыландыру қаражатын тиімсіз және негізсіз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әрі қарай тәртіптік шаралармен (жеке ісіне сөгіс, жоба басшылығынан босатуға дейін шеттету) жауапты болып табылады.

5.11. Өтінім беруші белгіленген тәртіппен жоба бойынша есеп пен есептілікті жүргізуді қамтамасыз етеді, яғни белгіленген нысанға сәйкес жүргізілген жұмыстар бойынша жарты жылда 1 рет есептік презентация береді, ал шетелдік қатысушылар және (немесе) бөгде ұйымдар үшін есептік презентация тоқсанына бір рет берілуі тиіс.

5.12. Жобаны орындау барысында орындаушылардың бірдей баяндаманы әртүрлі конференцияларда ұсынуға құқығы жоқ.

## 6. ЕСЕП БЕРУ ТӘРТІБІ

6.1. ҒЗЖ орындау мерзімі-1 жылдан 3 жылға дейін.

6.2. Орындаушы зерттеу мониторингі мақсатында тағайындалатын ПК отырысында есепті кезеңде алынған нәтижелер туралы жартыжылдық (презентация ұсыну), аралық (жылдық) немесе қорытынды есептерді ұсынуға міндетті, ал шетелдік қатысушылар және (немесе) бөгде ұйымдар үшін есептік презентация 3 және 4-қосымшаларға сәйкес тоқсанына бір рет берілуге тиіс.

6.3. ПК мүшелері есептерді 5-қосымшаға сәйкес бағалау критерийлері бойынша бағалайды. ҒЗЖ орындау бойынша аралық, жылдық, қорытынды есептер баллдардың максималды санының кемінде 50% - ын жинаған кезде бекітіледі.

6.4. ПК мынадай жағдайда қаржыландыруды тоқтату туралы біржақты тәртіпте шешім қабылдауға құқылы:

- зерттеушілердің алға қойған міндеттерін еш себепсіз адал емес және уақтылы орындамауы.
- зерттеуге бөлінген қаржыландырудың негізсіз шығындары.
- жартыжылдық/жылдық есепті немесе оның қанағаттанарлықсыз бағасын ұсынбау.

6.5. Грант бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін Орындаушы ҒЖД-не келесілерді қамтитын қорытынды есепті ұсынады:

- қоса беріліп отырған құрылымға сәйкес есеп (3-қосымша);
- жобаны іске асыру жөніндегі ПК шешімінен үзінді көшірме;
- деректерді статистикалық өңдеуді орындау туралы анықтама;
- растайтын құжаттар (Web of Science квартилін көрсете отырып, рецензияланатын ғылыми басылымдағы және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша процентилі бар Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын журналдардағы мақалалар, сондай-ақ Web of Science және Scopus дерекқорына енгізілген халықаралық патенттер, тезистер, монографиялар және монография тараулары ).

6.6. Ұсынылған құжаттар негізінде ПК жұмыс сапасына баға береді және авторлық ұжымның келісімінсіз республикалық, халықаралық конкурстарға қатысуға ұсынуды ұсынады.

6.7. Орындаушының жұмысы келесі жағдайда теріс бағалануы мүмкін:

- осы Ереженің 6.3-тармағына сәйкес есепті ұсынбауы;
- осы Ереженің 6.4-тармағына грантты орындау кезеңінде Орындаушының ғылыми өнімінің болмауы;
- осы Ереженің 6.5-тармағына есеп нәтижелерінің теріс бағалануы.

6.8. Ағымдағы жылы гранттың орындалуының оң бағасы келесі жылғы конкурс жеңімпаздарын іріктеу кезінде ескеріледі.

6.9. Осы Ереженің 4.6-тармағында көрсетілген жоба нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда, ПК шешімі бойынша ғылыми жетекші нәтижелерге қол жеткізілгенге дейін (нәтижелерге қол жеткізу туралы ғылыми-талдау жұмысы бөліміне хабарланады), бірақ 3 жылдан аспайтын уақытқа университет жариялайтын келесі байқауларға ғылыми жетекші ретінде қатысудан шеттетіледі. Ғылыми этиканы бұзу (плагиат және жалған тең авторлық, қайталау, бөтен деректерді иемдену, ғылыми деректерді фабрикациялау және фальсификациялау және т.б.) не жоба бойынша аралық немесе қорытынды есепті ПК шешімімен мақұлдамау фактілері анықталған жағдайда, жетекші ПК қалаған мерзімі бойынша университет жариялайтын келесі байқауларға қатысудан шеттетіледі.

6.10. Университет зерттеу мерзімі аяқталғаннан кейін және ПК-ны қаржыландыруды жабу ғылыми өнімді іске асыруды мониторингілеу және оны тәжірибеге енгізу және одан әрі пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

## 7. БАЙҚАУЛЫҚ ӨТІНІМ

7.1. Белгіленген нысанда толтырылған байқаулық өтінімді жоба жетекшісі Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен белгіленген мерзімде университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі департаментіне тапсырады.

7.2. Байқауға қатысуға өтінім бере отырып, жоба қатысушылары ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес университетте байқау процедурасын және статистикалық есепті іске асыру мақсатында өздерінің дербес деректерін (ТАӘ, оқу орны, телефон, электрондық пошта мекенжайы) пайдалануға келісім береді.

7.3. Ғылыми жұмысты байқауға қатысуға жібере отырып, қатысушы байқау шарттарымен және байқаулық өтінім шеңберінде ақпаратты одан әрі өңдеуге келісетініне кепілдік береді.

## 8. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

8.1. Осы Ереженің 4.2-тармағына сәйкес шетелдік азаматтар және (немесе) бөгде ұйымдар үшін 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі байқауға қатысуға өтінім (аннотация, түсіндірме жазба және сұратылатын қаржыландыру есебі);

8.2. Биоэтика мәселелері жөніндегі жергілікті және (немесе) орталық комиссияның оң қорытындысы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін).

8.3. Университеттің адами ресурстарды басқару департаменті жетекшісінің қолы қойылған және мөрі басылған ҒЗЖ қатысушыларының ғылыми-педагогикалық өтілі және жобадағы лауазымдарының сәйкестігі;

8.4. Жоба жетекшісі мен университет факультет декандарының қолы қойылған ғылыми жобаға қатысушы-білім алушылардың тізімі;

8.5. Web of Science және (немесе) Scopus деректер базасынан жоба басшысының университеттің медициналық кітапханасы басшысының қолы қойылған осы Ереженің 4.1.2. тармағына сәйкестігі туралы растайтын скриншоттар (мақаланың тақырыбы мен процентиль, журнал квартилін көрсете отырып).

8.6. Жекеше әріптес тарапынан салым туралы келісім (жобаны қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржылық ресурстармен ішінара қамтамасыз ету туралы, іргелі зерттеулер бойынша мүмкіндігінше, қолданбалы зерттеулер бойынша міндетті түрде, Университет Жарғысына сәйкес Жобаны іске асырудың бүкіл кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының кемінде 1% - ы (3-тарау, 13-тармақ, 7-тармақша).

8.7. Халықаралық коллаборациясы бар жобалар үшін коллаборация және ынтымақтастық туралы келісім немесе Меморандум болуы қажет, онда жобаның атауы және ҚР резидент - ғылыми жетекшісі туралы ақпарат, бірлескен жұмыстардың жалпы мақсаты, жұмыстарды орындау мерзімдері көрсетілген коллаборация процесінің қысқаша сипаттамасы, барлық тараптардың қаржыландырылуы және олардың көздері туралы ақпарат болуы қажет. Коллаборация немесе ұйымдар арасындағы меморандум мен ынтымақтастық туралы келісімге ұйымның басшылары және оған қатысатын барлық шетелдік ғылыми топтардың өкілдері электрондық мекенжайларын көрсете отырып (ғылыми ұйымның ресми доменінен) қол қоюға тиіс. Халықаралық коллаборациясы бар жобалар деп әртүрлі елдердің ғылыми топтарының ортақ мақсатқа қол жеткізуіне бағытталған жобалар түсініледі.

*1-қосымша*

## Ғылыми зерттеулер жобаларын бағалау әдістемесі

| Критерийлердің және көрсеткіштердің атауы, оларды бағалау деңгейі | Критерийлердің, көрсеткіштердің және оларды бағалау деңгейлерінің сипаттамасы | Баллдардағы баға |
|---|---|---|
| *1. Маңыздылығының критерийлері:* | *Өтінім берілетін ғылыми зерттеудің (бұдан әрі - ҒЗ) ғылым және практика, зерттелетін проблема бойынша білім саласы үшін маңыздылығы* | |
| *1.1. Жоспарланатын зерттеудің өзектілігі* | *Ғылым мен практиканың сұраныстарына сәйкес келу дәрежесімен сипатталады* | |
| Жоғары | ҒЗ-де қойылған проблемаларды шешу қазіргі заманғы медициналық ғылым және практика үшін бірінші кезектегі және басым міндет болып табылады | 7-10 |
| Біршама жоғары | ҒЗ-де қойылған проблемаларды шешу қазіргі заманғы медициналық ғылым және практика үшін аса маңызды міндет болып табылады | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | ҒЗ-де қойылған проблемаларды шешу қазіргі заманғы медициналық ғылымның және практиканың жергілікті міндеттерінің бірі болып табылады | 1-3 |
| Өзекті емес | Ғылымның және практиканың сұраныстарына және міндеттеріне сәйкес келмейді | 0 |
| *1.2. Күтілетін нәтиженің медициналық ғылымға әсер ету дәрежесі* | *ҒЗ іске асыру барысында шешілетін медициналық ғылымның проблемаларының деңгейі мен басымдылығымен сипатталады* | |
| Жоғары | Медициналық ғылымның аса маңызды проблемаларын шешуге мүмкіндік беріп, оны одан әрі дамытуға түбегейлі әсер тигізеді | 7-10 |
| Біршама жоғары | Салалық ғылымдағы басым бағыттарының бірі шеңберінде басты проблеманы шешуде анағұрлым алға қарай жылжуға мүмкіндік беріп, медициналық ғылымды одан әрі дамытуға түбегейлі әсер тигізеді | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | Салалық ғылымның бар проблемаларының бірін шешу үшін негіз салуға мүмкіндік беріп, медициналық ғылымды одан әрі дамытуға түбегейлі әсер тигізеді | 1-3 |
| Жоқ | Медициналық ғылымды дамыту үшін маңызы жоқ | 0 |
| *1.3. Теориялық маңызы* | *Зерттеу нәтижелерінің денсаулық сақтау саласындағы тұжырымдамаларға, тәсілдерге, идеяларға, теориялық түсініктерге әсер ету дәрежесімен сипатталады* | |
| Жоғары | Зерттеудің нәтижелері жаңа идеялардың, қағидаттардың, ғылыми бағыттардың, теориялардың, гипотезалардың, тұжырымдамалардың, негізінен жаңа тәсілдердің, ауруларды емдеуде, диагностикалауда, профилактикада, ұйымдастыруда, басқаруда, оқытуда мүмкіндіктердің пайда болуына әкеледі. | 7-10 |
| Біршама жоғары | Зерттеудің нәтижелері мәлім қағидаттарды, амалдарды, әдістерді, ережелерді, теорияларды, тәсілдерді, нысандарды дамытуға және жетілдіруге әкеледі. | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | Зерттеудің нәтижелері мәлім оқиғалардың, үдерістердің, тетіктердің, жағдайлардың, заңдылықтардың, қасиеттердің мағынасын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. | 1-3 |
| Төмен немесе жоқ | Нәтижені пайдаланудың және дамытудың елеулі емес перспективалары бар немесе ол проблеманы шешу үшін ештеңе бермейді. | 0 |
| *1.4. Практикалық маңызы* | Медициналық *зерттеулерді практикада пайдаланудың нәтижелері болған денсаулықты қорғау, емдеудің әртүрлі әдістемелерін ұйымдастыру саласындағы* нақты *жетістіктерді сипаттайды* | |
| Жоғары | Практикалық денсаулық сақтау үшін құндылығы жоғары | 7-10 |
| Біршама жоғары | Практикалық денсаулық сақтау үшін белгілі құндылығы бар | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | Практикалық денсаулық сақтау үшін құндылығы төмен | 1-3 |

| | | |
|---|---|---|
| Маңызы жоқ | Құндылығы жоқ | 0 |
| *1.5. Болжамды енгізу деңгейін бағалау* | Жоспарлы *зерттеуді енгізу масштабымен және деңгейімен, экономикалық, әлеуметтік, емдеу-профилактикалық әсердіңболуымен және көлемімен сипатталады* | |
| Жоғары | Елеулі әсермен республикада кеңінен енгізу | 7-10 |
| Біршама жоғары | Елеулі әсермен бірнеше ұйымда енгізу | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | Әсерді айқындаусыз бір ұйымда енгізу | 1-3 |
| Төмен | Енгізу жоспарланбайды, әсер күтілмейді | 0 |
| *1.6. Енгізудің болжамды көлемдерін және нысандарын бағалау* | *Зерттеу нәтижелерін енгізудің әлеуетті мүмкін нысандарының маңыздылығымен және көлемімен сипатталады* | |
| Жоғары | Патент, денсаулық сақтау жүйесі немесе сала үшін нақты ұсыныстар және ұсынымдар | 7-10 |
| Біршама жоғары | Авторлық куәлік, ресми бекітілген әдістемелік ұсыныстар және ережелер, нұсқаулықтар, нұсқаулар | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | Рационалдық ұсыныс, енгізу актісі | 1-3 |
| Төмен | Мекенжайсыз жалпы сипаттағы ұсыныстар және ұсынымдар | 0 |
| *2. Ғылыми және технологиялық жаңалықтың критерийлері:* | *Өткізілетін зерттеулер, әзірленетін тұжырымдамалар, шешілетін мақсаттар мен міндеттер жаңалығының деңгейі* | |
| *2.1 Ғылыми жаңалықтың деңгейі* | *Зерттеудің проблемасын қалыптастыру және ғылыми негіздеу жаңалығының дәрежесімен, аталған бағытта бұрын зерттеулердің болмауымен сипатталады* | |
| Жоғары | Зерттеудің проблемасы алғаш рет қалыптастырылған және ғылыми негізделген, аталған бағытта бұрын зерттеулер өткізілмеген, проблеманы шешудің ұсынылатын жолы бұрын пайдаланылмаған | 7-10 |
| Біршама жоғары | ҒЗ-де проблеманы шешудің қолданыстағы жолдарын жетілдіруге мүмкіндік беретін зерттеудің проблемасын шешудің түпнұсқалы тәсілдері ұсынылған | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | Зерттеудің проблемасын шешуге ұсынылатын тәсілдер тиімділік бойынша мәлім тәсілдерден айтарлықтай аспайды, бірақ жаңалық пен түпнұсқалықтың элементтері бар | 1-3 |
| Төмен | Проблеманы шешуге ұсынылатын тәсілдерде жаңалық және түпнұсқалық жоқ | 0 |
| *2.2. Зерттеу тұжырымдамасының дәлдігі* | *Зерттеу тұжырымдамасының нақтылығы мен толықтығының деңгейімен, тұжырымдалған мақсаттардың және міндеттердің сапасымен сипатталады* | |
| Жоғары | Зерттеудің нақты тұжырымдамасы. Зерттеудің нақты тұжырымдамасы. Атауы және мақсаты жоспарланатын зерттеудің ғылыми жаңалығын және өзектілігін толық ашады. | 7-10 |
| Біршама жоғары | Зерттеудің тұжырымдамасы, атауы және мақсаты жоспарланатын зерттеудің ғылыми жаңалығын және өзектілігін толық көлемде ашпайды. | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | Зерттеудің тұжырымдамасы, атауы және мақсаты жоспарланатын зерттеудің ғылыми жаңалығын және өзектілігін жартылай ғана ашады | 1-3 |
| Төмен | Зерттеудің тұжырымдамасы жоқ. Атауы және мақсаты жоспарланатын зерттеудің ғылыми жаңалығын және өзектілігін ашпайды. | 0 |
| *3. Жобаны немесе бағдарламаны іске асырудың критерийі* | *Ұсынылатын зерттеуді өткізу ортасының және жағдайларының қойылған мақсаттарға, міндеттерге және күтілетін нәтижелерге сәйкес келу дәрежесімен сипатталады* | |
| *3.1. Ғылыми-әдістемелік деңгей* | *Жоспарланатын зерттеуді әдістемелік пысықтау дәрежесімен – әдістеме дизайнының қойылған мақсаттарға және міндеттерге сәйкес келуімен сипатталады* | |
| Жоғары | Зерттеу көлемі бойынша жеткілікті материалда, дұрыс әдістерді пайдаланумен және алынған нәтижелерді толық статистикалық | 7-10 |

| | | |
|---|---|---|
| | өңдеумен өткізілетін болады | |
| Біршама жоғары | Зерттеу көлемі бойынша жеткілікті шектелген материалда, дұрыс әдістерді пайдаланумен және алынған нәтижелерді жартылай статистикалық өңдеумен өткізілетін болады | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | Зерттеудің күтілетін нәтижелерінің бірқатар жағдайларда олардың статистикалық нақтылығын, бөлек әдістемелік кемшіліктерін айқындау мүмкіндігінің болмауына, материалдың жеткіліксіз көлеміне байланысты төмен дәлелді күші болуы мүмкін. | 1-3 |
| Төмен | Пайдалануға жоспарланатын әдістер белгілі дәрежеде зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне адекватты емес, материалдың көлемі анық емес, нәтижелерді статистикалық өңдеу жоспарланбайды | 0 |
| *3.2. Бітеменің болуы* | Бұрынғы *жұмыстың нәтижелері бойынша бағаланатын ҒЗ қойылған міндеттерді шешу үшін орындаушылар даярлығының деңгейі* | |
| Елеулі бітеме | Таңдалған бағыттың дұрыстығын растайтын оң нәтижелердің, зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдардың болуы | 7-10 |
| Белгілі бітеме | Таңдалған бағыттың дұрыстығын растайтын бастапқы материалдың болуы, зерттеудің тиісті әдістері игерілген | 4-6 |
| Ең төмен бітеме | Зерттеудің әдістері игерілген | 1-3 |
| Бітеме жоқ | Зерттеудің тақырыбы бойынша бітеме жоқ | 0 |
| Жоқ | Жеткіліксіз | 0 |
| *3.3. Зерттеуді орындау мерзімдерінің негізділігі* | Зерттеудің *бөлек кезеңдерін және шараларын қоса, оны орындау мерзімдерінің негізділігінің дәрежесімен сипатталады* | |
| Жоғары | Жоспарлы мерзімдерге сәйкес келеді | 7-10 |
| Біршама жоғары | Орындау мерзімі көрсетілген мерзімнен 50 %-дан астам емес жоғары немесе қажет етілетін мерзімге қатысты төмендетілген | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | Орындау мерзімі көрсетілген мерзімнен 50 %-дан астам жоғары немесе қажет етілетін мерзімге қатысты төмендетілген | 1-3 |
| Жоқ | Орындау мерзімі негізсіз | 0 |
| *ҒЗ құрастыру және ресімдеудің сапа критерийі* | *Ұсынылатын ҒЗ көпшілік мақұлдаған нормаларға және ғылыми жобалар мен бағдарламаларды жазу мен ресімдеудің бекітілген талаптарына сәйкес келу дәрежесімен сипатталады* | |
| *4.1. Ғылыми жобаны немесе бағдарламаны жасау сапасының критерийі* | *ҒЗ құрылымы мен мазмұнының белгіленген талаптарға сәйкес келу дәрежесімен сипатталады* | |
| Жоғары | ҒЗ-де қажетті бөлімдер бар және ашылған – өзектілігі, мақсаты, міндеттер, зерттеудің дизайны және басқа. Жобаны немесе бағдарламаны жазудың жақсы ғылыми стилі ұсталған. | 7-10 |
| Біршама жоғары | ҒЗ-де қажетті бөлімдер бар, бірақ толық көлемде ашылмаған. Жобаны немесе бағдарламаны жазудың ғылыми стилистикасы бойынша елеулі емес ескертулер бар. ҒЗ-де қажетті бөлімдер бар, бірақ кейбіреуі ашылмаған деуге болады. Жобаны немесе бағдарламаны жазудың ғылыми стилистикасы бойынша елеулі ескертулер бар. | 4-6 |
| Қанағаттанарлық | ҒЗ-де қажетті бөлімдер бар, бірақ кейбіреуі ашылмаған деуге болады. Жобаны немесе бағдарламаны жазудың ғылыми стилистикасы бойынша елеулі ескертулер бар. | 1-3 |
| Жоқ | ҒЗ-де бірқатар қажетті бөлімдер жоқ, бар бөлімдер ашылмаған деуге болады. Имеются грубые стилистические и орфографические ошибки. | 0 |
| *4.2. Пайдаланылған ғылыми еңбектердің және әдебиеттің сәйкес келуін бағалау* | *Көтерілетін проблема бойынша пайдаланылған ғылыми еңбектердің және әдебиеттің сәйкес келу дәрежесімен және олардың жаңалығының деңгеймен сипатталады* | |
| Жоғары | Пайдаланылатын ғылыми-анықтамалық аппарат – қолданыстағы МемСТ-қа сәйкес келеді, сызбалар, кестелер, графиктер, суреттеме және т.б. түрінде қосымшалары бар. Авторлар | 7-10 |

| | | |
|---|---|---|
| | шешілетін проблемаға тікелей қатынасы бар және ғылыми әдебиетте кем дегенде 5 жыл бұрын жарияланған анағұрлым маңызды әдеби көздерге сілтеме жасайды | |
| Біршама жоғары | Авторлар пайдаланған ғылыми еңбектер және әдебиет қозғалатын мәселеге біршама сәйкес келеді және негізінде жаңалығы бар. (жариялымдардың цитат келтіру мерзімі 10 жылдан аспайды) | 4-6 |
| Төмен | Авторлар пайдаланған ғылыми еңбектер және әдебиет негізінде қозғалатын мәселеге сәйкес келмейді және жаңашылық болып табылмайды (жариялымдардың цитат келтіру мерзімі 10 жылдан астам) | 1-3 |
| Жоқ | Жұмыста ғылыми еңбектер мен жариялымдарға сілтемелер жоқ | 0 |

Әрбір көрсеткіш 10-балдық шкала бойынша бағаланады. Әр жоба бойынша жиынтық балдық баға қойылады. Жоба алуы мүмкін ең жоғарғы балл 130-ға тең.

Екінші кезеңнің қорытындылары бойынша ПК келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) ҒЗ сөзсіз қолдауға лайық (осындай шешім ҒЗ 65-130 балл алса, яғни алынуы мүмкін балдардың ең көп санының 50%-нан көбін алған жағдайда қабылдануы мүмкін және жұмыс барысында жойылатын, алынған нәтижелердің ғылыми және практикалық құндылығына әсер етпейтін ымырасыз ескертулері және/немесе бірнеше ескертулері болмаса)

2) ҒЗ қолдауға лайық емес (осындай шешім ҒЗ 0-64 балл алса, яғни алынуы мүмкін балдардың ең көп санының 50%-нан азын алған жағдайда қабылдануы мүмкін және жұмысты әзірлеу сапасына, ғылыми және практикалық құндылығына қатысты бірнеше ескертулері бар болса, бұл ретте ұсынылған ҒЗ шеңберінде ескертулерді объективті жою мүмкін емес және оның барлық тұжырымдамасын қайта өңдеуді қажет етеді).

*2-қосымша*

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру байқауына қатысуға өтінім**

Өтінім мынадай бөлімдерден тұрады:

1) аннотация;

2) түсіндірме жазба;

3) сұралатын қаржыландырудың есеп-қисабы.

**1. Аннотация**

Аннотацияда жоба мақсатының, зерттеу бағытталған проблемалардың, зерттеу жүргізудің негізгі тәсілдерінің, күтілетін нәтижелердің қысқаша сипаттамасы қамтылады.

Аннотация көлемі А4 форматындағы 2 (екі) беттен аспауы тиіс.

**2. Түсіндірме жазба**

Түсіндірме жазба мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды (бұл ретте өтінім нысанында сілтеме жасалған кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаға қосымшаға шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздер саны мен өтінімнің жалпы бет санын есептегенде есепке алынбайды):

1. Жалпы ақпарат

1.1. Жоба тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес].

1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.

1.3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеудің түрі.

1.4. Жобаның басталатын және аяқталатын болжамды күні, оның айлармен көрсетілген ұзақтығы.

1.5. Гранттық қаржыландырудың сұралатын сомасы (жобаның бүкіл іске асырылу мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңге).

1.6. Сарапшыларды іріктеу үшін өтінімнің саласы мен бағытын сипаттайтын түйін сөздер.

**2. Жобаның жалпы тұжырымдамасы [550 сөзден артық емес]**

2.1. Кіріспе бөлім [100 сөзден артық емес].

Жоба идеясының, шешу көзделетін проблеманың қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

2.2. Жоба мақсаты [50 сөзден артық емес]

Жоба мақсаты қысқа әрі нұсқа баяндалады, ол жоба тақырыбына сәйкес келуге, қолжетімді болуға, жобаны іске асыру нәтижесінде алынуы күтілетін шешімнің сипаттамасын көрсетуге тиіс. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде жауап беру болжанатын негізгі мәселені көрсетуге тиіс.

2.3. Жоба міндеттері [400 сөзден артық емес]

Бұл бөлімде өзара қисынды байланысқан сабақтас міндеттер арқылы жобаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады. Алға қойылған міндеттер тізбесі беріледі:

1) міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері;

2) әр міндеттің жоба мақсатына қол жеткізудегі рөлінің және басқа міндеттер мен жобадан күтілетін нәтижелермен өзара байланысының қысқаша негіздемесі;

3) өтінім берушінің ойынша маңызды деп танылған өзге де параметрлер.

**3. Жобаның ғылыми жаңалығы және маңызы [1500 сөзден артық емес]**

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) жобаны әзірлеудің алғышарттары, (бар болса, алдын ала нәтижелер және (немесе) жоба тақырыбына қатысты өтінім беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);

2) зерттелетін тақырыпқа жататын, мұның алдында әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген ғылыми зерттеулерге, білімнің қазіргі жеткіліксіздігіне міндетті шолу жасай отырып, жобаның ғылыми жаңалығының негіздемесі және олардың осы жобамен

өзара байланысы (мәнмәтінде шолуда пайдаланылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуі тиіс, оның толық жазылуы "Библиография" атты 8-бөлімде ұсынылуы тиіс), жобаның күтілетін нәтижелерін белгілі аналогтармен салыстыру;

